

BI GROUP

ABAY JOLY

A stylized illustration of Abay Kunayev, a prominent figure in Kazakh literature. He is depicted from the chest up, wearing a traditional black and white robe. He has a long, grey beard and mustache, and his hair is pulled back. He is looking slightly to the left with a thoughtful expression. The background features soft, stylized clouds in shades of blue and white, and a green, hilly landscape at the bottom left.

*Абайдың
Қара сөздері*



I қара сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік.

Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік.

Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.



Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?



Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күңсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік.



Ақыры ойладым..



..осы ойыма келген нәрселерді
қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен
қара сияны ермек қылайын..

..кімде-кім ішінен керекті
сөз тапса, жазып алсын, я
оқысын..



керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім
де, ақыры осыған байладым, енді мұнан
басқа ешбір жұмысым жоқ.



17 қара сөз



Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін
айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті..





Қайрат айтыпты:

Ей, ғылым, өзің де білесің ғой,
дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке
жетпейтұғынын; әуелі, өзінді білуге
ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол -
менің ісім.



Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-
жалықпай орнына келтірмек те - менің ісім.
Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр
мансапты еңбексіз табуға болмайды..



Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір
қылмай, бойды таза сақтайтұғын,
күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен..



..нәфсі шайтанның
азғыруынан құтқаратұғын,
адасқан жолға бара
жатқан бойды қайта
жиғызып алатұғын мен
емес пе? Осы екеуі маған
қалай таласады?



Ақыл айтыпты:
Не дүниеге, не ахиретке не
пайдалы болса, не залалды болса,
білетұғын - мен, сенің сөзіңді
ұғатұғын - мен..




..менсіз пайданы іздей алмайды екен,
залалдан қаша алмайды екен, ғылымды
ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі
маған қалай таласады? Менсіз өздері неге
жарайды?




Онан соң жүрек айтыпты: Мен - адамның денесінің патшасымын..

..қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ.



Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен.

Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады.



Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не?

Осы екеуі маған қалай таласады?



Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін
тыңдап болып, айтыпты:



Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де
рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп
өнерлеріңнің бары рас, сенсіз
ешнәрсенің болмайтұғыны да рас..



..бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол,
пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде
жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты
берік ұстап кетесің, соның жаман.



-Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас.
Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас.
Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған
екі дүниенің жайын да сен білесің..



..бірақ сонымен тұрмайсың, амал
да, айла да - бәрі сенен шығады.



Жақсының, жаманның
екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен;
екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің,
соның жаман.



Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса
жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол
көп қырыңа жүрмейді.



Қайрат, сенің қаруың көп,
күшің мол, сенің де еркіңе
жібермейді. Орынды іске
күшінді аятпайды.



Орынсыз жерге қолыңды
босатпайды..



Осы үшеуің басыңды қос, бәрін
де жүрекке билет




Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай
табылсаңдар..





..табанының топырағы көзге
сұртерлік қасиетті адам - сол





Адамшылықтың алды - махаббат, ғадаләт,
сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ,
кіріспейтұғын да жері жоқ..



..ол - жаратқан тәңірінің ісі

Біз жанымыздан ғылым шығара
алмаймыз, жаралып, жасалып қойған
нәрселерді сезбекпіз..

45 қара сөз



..көзбен көріп, ақылмен біліп.

BIG App жүктеп алыңыз

Смартфоныңыздағы
онлайн-қызметтер
экожүйесі

Пәтерді
онлайн
сатып алу

Шартқа
онлайн
қол қою

Серіктестерден
25%-ға дейінгі
cashback



Сату бөлімдерінің мекенжайлары

Алматы Тимирязев көшесі, 28в
«Гранд Алатау» БО
Arena City бигвиллі,
Момышұлы көшесі, 11/12С
Құлжа тас жолы, 80/4
Ташкент тас жолы, 541/2а

Астана Сығанақ көшесі, 62/3,
Viva Plaza БО
Сарайшық көшесі, 5г
«Лазурный квартал» ТҮК
Nexpro Trend, Т. Рысқұлов
көшесі, 9

Шымкент Назарбаев даңғылы, 55
Желтоқсан көшесі, 28

Қарағанды Бұқар жырау даңғылы, 51/4-
құрылыс, «51» бизнес орталығы

Атырау Тайманов даңғылы, 42А
Altyn Zaman ТҮК

Сәтбаев даңғылы, 43А
Infinity Mall COO

Ақтөбе Астана ауданы, Әбілқайыр хан
даңғылы, 58



@bi.group.almaty

Онлайн сату орталығы

360

Бұл басшыда Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінен» үзінділер қолданылды. Біз ұлы ойшылдың рухани мұрасына зор құрметпен қарап, оның идеяларын оқырманға барынша дәл әрі дұрыс жеткізуге тырыстық. «Қара сөздер» жинамдық етілігіне өткен шығарма болған соң, басшыда Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 29-бабына сәйкес пайдаланылды.